


«ТАИБУРЫЛ»
Қоғамдық бірлестігі
010000, Астана қаласы,
Керей мен Жәнібек хандар
к-сі 5, оф.46, тел: +7 771 501 91 37
e-mail: taiburyl.kz@gmail.com



«ТАИБУРЫЛ»
Общественное объединение
010000, город Астана,
ул. Керей и Жанибек хандар 5, оф. 46,
тел: +7 771 501 91 37,
e-mail: taiburyl.kz@gmail.com

"Бекітемін"

«ТАИБУРЫЛ» Қоғамдық Бірлестігінің

Басқармат Төрағасы

25 тамыз 2017 ж.

"Мектеп оқушыларына арналған гранттар туралы"

ЕРЕЖЕСІ

«Білім қолдау» бағдарламасы

1. Общие положения

- 1.1. "Мектеп оқушыларына арналған гранттар туралы» Ережесі жалпы білім беру мектептерінің көп балалы отбасыларының 9, 10, 11 сынып оқушыларына «Taiburyl» Қоғамдық Бірлестігі арқылы қайырымдылық көмек көрсетудің шарттары мен тетігін анықтайды.
- 1.2. Жалпы білім беретін мектептердің 9, 10, 11 сынып оқушыларына қайырымдылық көмек көрсету қоғамның сапалы білімге деген қызығушылығын көрсетеді, оқушылардың білім алуға және олардың жеке тұлғасы өсуіне ынталандырады
- 1.3. Қайырымдылық өз еркімен, тегін немесе демеушілік түрінде адамгершілік қажеттіліктерін қамтамасыз етуге негізделген, жеңілдікпен жүзеге асырылатын әлеуметтік пайдалы қызмет ретінде түсініледі.
- 1.4. Байқау жыл сайын тамыз – қыркүйек айларында, а оқу жылдың басталуының алдында өткізіледі.

2. Грант алу үшін үміткерлерге талап

- 2.1. Үміткерлер грант алу үшін келесі талаптарға сай болу керек
 - Қазақстан Республикасының азаматы болу тиіс;
 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, жалпы білім беру мектептерде оқуы тиіс;
 - оқу озаты болуы тиіс;
 - көп балалы жанұядан болуы тиіс;
 - «Taiburyl» ҚБ қызметкерлерімен және Комиссия мүшелерімен туыс байланыстары болмау керек;
 - қосымша талаптар немесе жағдайларды Демеуші, Комиссия, не болмаса «Taiburyl» ҚБ қосуы мүмкін;
- 2.2. Келесі белгілер қосымша болып саналады, бірақ грант алу үшін үміткердің мүмкіндігін көбейтеді егерде, үміткерлер саны қарастырылуға берілген грант санынан көп болса:
 - 1) оқу орнында, қоғам өміріне белсендігін көрсету,
 - 2) өз топ мүшесінде, оқытушылар арасында беделді болу, және спорт, ғылым, мәдениет не басқа салаларда көрсеткіші болу тиіс,
 - 3) Өтініш берушінің белсенді қоғамдық жұмыстарын және жеке жобаларын жүзеге асыру, белсенді өмірлік жағдайын, әлеуметтік жауапкершілігін, біліктілігін, практикалық іс-әрекеттегі дағдылары мен білімдерін қолдана білу,
 - 4) Өтініш берушінің отбасының қаржылық жағдайы қажетті анықтаулармен расталады,
 - 5) Өтініш беруші жалғыз басты отбасыларда тұрады, жетім үйінің тәрбиеленушісі немесе жетім болса.

3. Байқауға қатысу өтініштерін рәсімдеуі

- 3.1. Байқауға қатысу үшін, Бірлестік арнайы Өтініш нысанын береді (Қағиданың №1 тармағын қараңыз), бұл өтініште үміткер келесі ақпаратты толтыру қажет:
 - өмірбаяны;
 - өтініш-негіздеме;
 - өзі жайлы ақпарат;
 - отбасы мүшелер саны;
 - материалдық жағдайы;
 - оқу үлгерімі;
 - үміткердің кәсіби ынталандыруы;
 - ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуы;
 - мектепте ұйымдастырылатын білімдік, спорт, қоғамдық жобаларға қатысуы;
 - олимпиада, ғылым, спорт, мәдениет саласындағы республикандық және халықаралық байқау, турнирлер жүлдегерінің сыйлықтарының иегері болуы
- 3.2. Бірлестік көпшілік көретін өз есептемесінде үміткердің келесі мағлұматтарын жариялайды:
 - Т.А.Ж.;
 - туған күні, айы, жылы;
 - оқитын ЖОО, курс, мамандығы, және тобы.
- 3.3. Бірлестік үміткердің мағлұматтарын анализ ретінде пайдаланатын болады, осылай үміткерлер ішінен ортаңғы көрсеткішті анықтау үшін, келесіде оның нәтижесінде шыққан анализін жариялайды, бірақ үміткердің айқын аты-жөнін көрсетпейді. Өтініш білдіру дегеніміз, өз мағлұматтарын пайдалануға келісім беру.
- 3.5. Өтінішке керек құжаттарды алу үшін шығындар төленбейді.

3.6. Егер құжаттың түпнұсқасы болмаса, толтырылған Өтінішпен оған қосымша құжаттар қайтарылмайды,

3.7. Өтініштер келесі шартта ғана қабылданады:

- қағиданың талаптарына сәйкес болса;
- үміткерге қатысты барлық тармақша сұрақтарының толтыруы;
- керекті құжаттарын нотариуспен бекітіп, заңдастырылған көшірмелерін тапсыру, уақыт шектелуінен кейін және екінші рет тапсырылған құжаттар қабылданбайды.

4. Байқаудың өткізу түрімен тәртібі

4.1. Байқау өткізу уақыты Басқармат Төрағасының бұйрығымен бекітіледі. Үміткерлер айтылған уақытқа дейін, Бірлестіктің сайтынан www.taiburyl.kz жүктеп, Өтініштерің (Қағиданың Өтініш Беру тармағын) толтырып тапсыру қажет.

4.2. Хабарландырудан кейін Байқау үш деңгейде өткізілетін болады:

I деңгей – өтініштер қабылдау: Үміткерлер сілтеме арқылы Өтініш толықтырады, сонан кейін Бірлестік Менеджері анкета мен басқа құжаттарды жоғары айтылып кеткен талаптарға сәйкес келетінін тексереді;

II деңгей - - мақұлдаған өтініштер қарастырылуға Комиссияға беріледі.

III деңгей - Гранттар тізімін Демеушіге аудару.

4.3. Қабылдау кезеңінде өтініштер жиналып, сәйкес келмейтін өтініштер келесі себептерден қабылданбайды:

- мағлұматтардың бұрыс толтыруы;
- өтінішке қажет құжаттарының толық болмауы;
- жалған мағлұматтарын берілуі.

4.4. Бірлестік Менеджері (әрі қарай-Менеджер) жабық өтініштердің дұрыс толтырғаның, мағлұматтарының дұрыс екенің растайды. Расталғаннан кейін Өтініш «Расталған» деп саналады. Дұрыс толтырмаған, теріс мағлұматтары бар Өтініштер үйлестірушімен расталмайды, олар «Жабық» деп саналады.

4.5. Екінші кезеңде грант бөлетін Комиссиясымен (әрі қарай-Комиссия) Қағиданың 2 тармағында көрсетілген келісім шартқа сәйкес расталған құжаттарының қарастырылуы болады.

4.6. Егерде, қағиданың (2.1., 2.2.) тармақшасында берілген талаптарға сай үміткерлер саны жариялаған грант сандарынан аспаса, бұл жағдайда грант бәр үміткерге беріледі.

4.7. Егерде, қағиданың (2.1., 2.2.) тармақшасымен талаптарға сай үміткерлер саны жарияланған грант санынан асып түссе, бұл жағдайда Комиссия шешімімен өтініштер қағиданың (2.2.) тармақшасында көрсетілген қосымша талаптар бойынша қарастырылып, талаптарға сай бал қойылып, сонымен байқау табалдырығының балы анықталады, сөйтіп қалған үміткерлердің саның жарияланған грант санына теңестіреді.

4.8. Керек жағдайда Комиссия мүшелері Өтініштерді жазбаша пікірге сала алады. Комиссия мүшелерінің қойған бағаларымен пікірлері құпия ақпаратқа жатады, бұл ақпарат басылымға жіберілмейді, бірақ тек қана Бірлестіктің тиісті әріптестеріне Байқауды өткізу үшін, екінші деңгейде туған таласты сұрақтарды шешуге беріледі.

4.9. Комиссия мүшелерінің аттары жабық ақпаратқа жатады және бұл ақпарат көпке жайылмайды.

4.10. Байқау сарапшыларының шешімі пікірталасқа жатпайды және ақырғы деп саналады.

4.11. Байқауға берілген Өтініш негіздері Бірлестікпен не Комиссиямен редакцияланбайды, көпке жайылмайды, сынауға берілмейді.

4.12. Байқау мақсатына жету үшін Бірлестік грант үміткерлерінің үшінші жағынан қосымша ақпаратпен құжаттарды талап етуі мүмкін.

5. Грант алу шарттары мен тәртібі

5.1. Байқаудың жеңімпаздарына (әрі қарай – Грант алушы) грант алу барысы Бірлестікпен ұйымдастырылады.

5.2. Гранттың түрі мен құны жылсайын Бірлестікпен заңдастырылады.

5.3. Грант 1 \бір\ оқу жылына белгіленеді, келесі оқу жылына созырылмайды. Оқу жылы дегеніміз есепті жылдың қыркүйек айынан келесі жылдың маусым айы аралығы.

5.4. Грант алу үшін бір неше келісім шарттар жасалады:

- Демеуші мен Грант алушы және «Taiburyl» Қоғамдық Бірлестігі арасында.

5.5. Демеуші сайыстың нәтижелерін жариялаған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде Грант беруге міндетті.

5.6. Менеджер Грант беру үдерісін бақылайды, сондай-ақ Грант алу туралы барлық даулы мәселелерді шешеді.

5.7. Грант туралы шартты орындауға байланысты мәселелер бойынша хабарламаны жеңілдету мақсатында «Taibury!» Telegram Group және Демеушінің Telegram тобына тіркелу қажет

6. Гранттың тоқтату себептері

6.1 Грант тек қана жалпы білім беру мектептің көп балалы отбасыларының 9, 10, 11 сынып оқушыларына төленеді.

6.2 Грант шаралары осы жағдайда тоқтатылады:

- оқушының мектептен шығарылуы;
- қайтыс болған жағдайда;
- Грант алушы ағылшын тілі сабағына қатыспай, қажетті құжаттармен расталмаған жағдайда;
- Грант алушының орталықтың ішкі ережелеріне сәйкес келмеуі, жалпы тәртіпті бұзу жағдайда;
- Демеушіде қаражат жеткіліксіз болған жағдайда.

6.3 Атқарушы директор грант тоқтатылатын жайлы үкім шығарады, оның құжаттарын талаптарға сай еместігін растап, барлық қағаздарды Басқарма Төрағасына тапсырады. Грант Басқарма Төрағасының үкімімен тоқтатылады.

6.4 Босатылған грант басқа оқушыға берілмейді.

«ТАІВУРЫЛ» ҚБ Байқауына қатысу үшін үміткердің өтініші

Өтінішті толтыру ережесі:

1. Өтініш www.taiburyl.kz сайтында электронды түрде арнайы модульмен толтырылады.
2. XII тараудың мәтіні өмірінің негізгі оқиғаларын айқындау керек – өмірге келуі, мектепте білім алу кезеңі, өмірлік тәжірбие жиындығы.
3. XIII тараудың мәтіні келесі сұрақтарға жауап беру керек:
 - сіз не үшін осы байқауға қатысқыңыз келеді?
 - бізді қызықтыратын мамандық жайлы ақпаратты қайдан білдіңіз?
 - сіздің мектептегі ғылыми, спорт, еңбек және қоғам өміріңіздегі жетістіктеріңіз қандай?
 - неге осы оқып отырған мамандықты таңдадыңыз, оған не себептер болды (мамандықтың абыройы, мамандыққа қызығушылық, қабілетіктер, жоғары айлық, отбасылық дәстүр) ?
 - өз ісінің шебері болу үшін қандай қасиеттер болу керек?
 - Еліміздің өркендеуіне Сіз қандай үлес қоса аласыз?
4. Бүкіл тарау бөлістері таза әрі, орфографиялық не грамматикалық қатесіз толтыруы қажет.
5. Үміткердің қолы керек жерде тек қана бір қолтаңбасы қажет. Үміткердің қолы мен Аты – жөні керек жерде, қолтаңбасымен аты-жөні жазбаша қойылу керек.
6. Толтырып болған соң, өтінішті PDF-файлға қалыптастыру қажет. Файлды шығарып әр бетіне қол қою керек. Өтінішке керек суреттермен керекті құжаттардың бәрі болу қажет, сонымен бірге онлайн-режиммен жіберілген сканерлік құжаттардың көшірмесі болу тиіс. Өтінішпен қажет құжаттардың бәрі қосымша жиналып, степлермен бекітіп, бір файлға салыну керек.
7. Ғылым (олимпиада, турнирлер ж.т.б.), спорт, мәдениет саласында қатысқан марапаттар 5-11 оқып жүрген кезеңіндегі болуы тиіс.
8. Егерде үміткер жеңіске жетсе, басылыммен шығарылған өтінішті барлық құжаттарымен бірге “Таiburyl” ҚБ кеңсесіне жібереді. Алайда, үміткер жеңіспаз атанбаса, басылыммен шығарылған өтініштің жіберуі қажет емес.
9. Бұл Ережелер Өтініштің ажыратылмайтын бөлімі деп саналады.

| I. Тапсыруға берілетін, қажетті құжаттар тізімі: | |
|--|--|
| Жеке куәлігінің\Туу тұралы куәліктің көшірмесі | |
| Ата-анасының\ Заңды қорғаншысының Жеке куәлігінің көшірмесі | |
| Оқу орнынан мәлімдеме сондай-ақ оқу үлгерімінің мәлімдемесі (табель) | |
| Үміткердің ата-анасының\ Заңды қорғаншысының жұмыс орнынан жалақысы жайлы Мәлімдеме | |
| Үміткердің ата-анасының\ Заңды қорғаншысының зейнет ақысы аударым жайлы Мәлімдеме | |
| Республикалық турнирлерде ғылым және спорт саласында ұтысты жүлде алғаның дәлелдейтін сертификат/дипломдарының көшірмелері | |
| Республикалық олимпиада саласында ұтысты жүлде алғаның дәлелдейтін сертификат/дипломдарының көшірмелері | |
| Өтініш беруші - жетім балалар немесе тәрбиеленушісі, ата-анасының өлімі тұралы куәлік немесе балалар үйінен алынған куәлік | |
| 18 жасқа толмаған аға-інілері үшін туу туралы куәліктердің көшірмелері | |

**Ата-анасының (заңды өкілдің) конкурсқа қатысуға келісімі
және жеке деректерді өңдеу**

1. Мен, _____
(Т.А.Ж. жазбаша жазылады)

_____ Үміткердің Т.А.Ж. жазбаша жазылады)

_____ тұлған жылы ,

1. www.taiburyl.kz сайтында орналасқан "Мектеп оқушыларына арналған гранттар туралы" бағдарламасының байқауына менің баламның\ қамқорлыққа алынған бала қатысуына келісемін. Сайтта жарияланған конкурстың ережелері маған таныс, конкурстың тәртібі мен ережелері маған түсінікті.

2. Мен, "Taiburyl" ҚБ, менің баламның\ қамқорлыққа алынған бала жеке деректерін қолдануға және өңдеуге келісімін беремін, оның құрамына тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, оқу орны және оқу көрсеткіш туралы деректер енгізіледі.

3. Бұл Өтініште берілген ақпараттың бәрі дұрыс, әрі толық деп растаймын. Толық емес әрі жалған ақпараттың берілуі байқауға қатысуға жіберілмейтіні жайлы маған белгілі, сондай-ақ егерде грант маған берілсе, жалған ақпарат үшін гранттан айырылуым жайлы да белгілі.

4. Мен "Мектеп оқушыларына арналған гранттар туралы" Ережесінің талаптарымен толық таныстым.

5. Мен тестілеудің және сұхбаттасудың нәтижесін сарапшыларға, әріптестерге және тағы басқа қызығушылығы бар ұйымдарға берілуіне, сондай-ақ ресми сайтта байқау іріктеуінің нәтижесін басылуына қарсы емеспін.

6. Байқау барысында, байқау деңгейлерін өткізетін және соған жауап беретін Бірлестік қызметкерлеріне әдепті болуына міндет етемін.

7. Өтініштің I-IV тарауларында көрсетілген жеке ақпараттың өзгеруіне байланысты, күнтізбенің 7 (жеті) күн ішінде өзгеріс болған сәттен бастап жаңа ақпаратты жазба түрінде не болмаса www.taiburyl.kz сайтында көрсетілген Бірлестік электронды поштасына өз Өтінішімде көрсеткен электронды поштамнан хат түрінде хабарлауым жайлы жауап беремін.

8. Өтініштің IV тарауында көрсеткен электронды поштамды әрдайым тексеріп тұруға міндет етемін, сондай-ақ талап ететін ақпаратқа уақытымен жауап беруге міндеттісемін.

9. Мен "Taiburyl" в Telegram-группе тобында және Демеушінің Telegram тобында Байқау туралы қажетті ақпарат алу үшін және Грант алушының жетістігін көру үшін тіркелуге келісім беремін.

10. Жеке куәліктің көшірмесін осы келісімге қосамын.

Төменірек курсивпен белгіленген мәтінді өз қолыңызбен жазуыңызды сұраймыз:

Бұл ақпаратты өзім толтырдым, әр бет өзіммен тексеріліп, бекітілді. Жоғарырақ көрсетілген талаптармен таныстым және толық келісемін (өз қолыммен растаймын).

_____/_____/_____
Үміткердің ата анасының қолы _____ Күні, айы, жылы _____

«___» _____ 201__ г.